Бұл портфельге келесі сақтандыру кластар кіреді: «Мүлікті зақымданудан сақтандыру», «Оқиға салдарынан сақтандыру», «Ауруға қарсы сақтандыру», «Басқа қаржылық шығындардан сақтандыру», «Атаулы (титулдық) сақтандыру», олардың тәуекелдері 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңының 6-бабына сәйкес анықталған.

Басқа көліктерді, жүктерді және нысандарды сақтандыру

Бұл портфельге келесі сақтандыру кластар кіреді: «Теміржол көлігін сақтандыру», «Өуе көлігін сақтандыру», «Су көлігін сақтандыру», «Ғарыштық нысандарды сақтандыру», «Жүктің сақтандыруы», олардың тәуекелдері 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңының 6-бабына сәйкес анықталған.

АҚЖ, КЖ сақтандыру және өзге

Аталған портфель келесі сақтандыру сыныптарын қамтиды: «Автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру», «Өуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру», «Су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру», «Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру», «Кәсіби жауапкершілікті сақтандыру», олардың тәуекелдері 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңының 6-бабына сәйкес айқындалған.

АҚЖ, КЖ сақтандыру және өзге

Аталған портфель автомобиль көлігін сақтандырудан басқа барлық сақтандыру сыныптары бойынша шығатын қайта сақтандыру шарттарын қамтиды.

Сақтандыру тәуекелінің шоғырлануы

Компанияның сақтандыру тәуекелінің негізгі көрінісі жеке оқиға немесе бірнеше оқиғалар Компанияның міндеттемелеріне әсер ете алатын деңгейді анықтайтын сақтандыру тәуекелінің шоғырлану дәрежесімен белгіленеді. Аталған шоғырлану бір сақтандыру келісімінен немесе елеулі міндеттемелерге әкелетін бірнеше байланысты келісімдерден туындауы мүмкін. Сақтандыру тәуекелінің маңызды көрінісі – әр түрлі сақтандыру санаттары құрамындағы тәуекелдер жиынтығынан туындауы.

Географиялық шоғырлану

Сақтандыру келісімдері негізінен Қазақстанда тұратын тұтынушыларға беріледі. Тәуекелдердің сақтандырылған мекендік өтелімінің көп бөлшегі Қазақстанда орын алған.

Теңгерімдік құны 21,175,690 мың теңгені (2023: 37,505,905 мың теңге) құрайтын Нью-Йорк қор биржасында және Nasdaq қор биржасына орналастырылған қаржы активтерін санамағанда, сақтандыру келісімдері бойынша қаржы активтерінің, қаржы міндеттемелерінің, активтер мен міндеттемелердің географиялық шоғырлануы Қазақстан аймағында болып табылады.

21. Қаржылық тәуекелдерді басқару мақсаттары мен саясаты, жалғасы

Қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер

Компания жасасқан қайта сақтандыру шарттары бойынша оған тиесілі пайда қайта сақтандыру активтері ретінде танылады.

Бұл активтер қайта сақтандырушылардан алынатын қысқа мерзімді қаражат қалдықтарынан, сондай-ақ тиісті қайта сақтандыру шарттары бойынша туындайтын талаптар мен төлемдерге байланысты болатын ұзақ мерзімді дебиторлық берешектен тұрады. Қайта сақтандырушылардан қайтарылуға жататын немесе оларға тиесілі сомалар қайта сақтандыру шарттарымен байланысты сомалармен үйлестіре отырып әрбір қайта сақтандыру шартының талаптарына сәйкес бағаланады. Қайта сақтандыру бойынша міндеттемелер, негізінен, қайта сақтандыру шарттары бойынша төленуге тиісті сақтандыру сыйлықақыларынан тұрады және тиісті қайта сақтандыру қамтылуының қолданылу мерзімі ішінде шығыс ретінде танылады.

Төмендегі кестеде сақтандыру шарттары топтары бойынша таза міндеттемелердің шоғырлануы көрсетілген.

мың теңге	Сақтандыру	Қайта сақтандыру	Міндеттемелердің таза сомасы
2024			
КАСКО	10,804,962	(10,665,946)	139,016
КҚИ АҚЖ сақтандыру	856,578	—	856,578
Міндетті сақтандыру, өзге	467,703	—	467,703
Мүлікті залалдан сақтандыру және өзге	617,910	—	617,910
Өзге көлікті, жүкті және нысандарды сақтандыру	441,193	—	441,193
АҚЖ, КЖ сақтандыру және өзге	1,977,544	—	1,977,544
Қайта сақтандыру, өзге	—	(712,008)	(712,008)
	15,165,890	(11,377,954)	3,787,936
2023			
КАСКО	14,779,596	(13,677,805)	1,101,791
КҚИ АҚЖ сақтандыру	661,572	—	661,572
Міндетті сақтандыру, өзге	434,343	—	434,343
Мүлікті залалдан сақтандыру және өзге	2,022,300	—	2,022,300
Өзге көлікті, жүкті және нысандарды сақтандыру	130,284	—	130,284
АҚЖ, КЖ сақтандыру және өзге	2,265,256	—	2,265,256
Қайта сақтандыру, өзге	—	(1,490,104)	(1,490,104)
	20,293,351	(15,167,909)	5,125,442

Сақтандыру тәуекеліне сезімталдық

Төмендегі кестеде есептік күнге мүмкін болатын өзгермелі андеррайтинг тәуекелінде өзгерістер болған жағдайда жеке капиталдың өсетіндігі (азаятындығы) болжанған. Бұл талдау тәуекелді қайта сақтандыру арқылы төмендетуге дейінгі және кейінгі сезімталдықты көрсетеді және басқа барлық айнымалылардың тұрақты болып қалатынын болжайды.

21. Қаржылық тәуекелдерді басқару мақсаттары мен саясаты, жалғасы

мың теңге	Туындаған шығындар бойынша жауапкершіліктің өзгеруі	Қайта сақтандыруды есепке алмағанда капиталға тигізетін әсері	Капиталға қайта сақтандыруды ескеріп отырып тигізетін әсері	Қайта сақтандыруды есепке алмағанда капиталға тигізетін әсері	Капиталға қайта сақтандыруды ескеріп отырып тигізетін әсері
КАСКО	+5%	(31,488)	(17,981)	(50,530)	(18,716)
КҚИ АҚЖ сақтандыру	+5%	(14,540)	(14,540)	(13,301)	(13,301)
Міндетті сақтандыру, өзге	+5%	(1,428)	(1,428)	(1,458)	(1,458)
Мүлікті залалдан сақтандыру және өзге	+5%	(16,120)	(16,120)	(20,206)	(20,206)
Өзге көлікті, жүкті және нысандарды сақтандыру	+5%	(1,883)	(1,883)	(1,798)	(1,798)
АҚЖ, КЖ сақтандыру және өзге	+5%	(59,337)	(48,845)	(60,953)	(47,518)
КАСКО	-5%	31,488	17,981	50,530	18,716
КҚИ АҚЖ сақтандыру	-5%	14,540	14,540	13,301	13,301
Міндетті сақтандыру, өзге	-5%	1,428	1,428	1,458	1,458
Мүлікті залалдан сақтандыру және өзге	-5%	16,120	16,120	20,206	20,206
Өзге көлікті, жүкті және нысандарды сақтандыру	-5%	1,883	1,883	1,798	1,798
АҚЖ, КЖ сақтандыру және өзге	-5%	59,337	48,845	60,953	47,518

Шығындардың даму үрдісі кестелері

Төмендегі кестеде әрбір есепті күн үшін оқиға жылдары бойынша мәлімделген және әлі мәлімделмеген, бірақ болған талаптарды қоса алғанда, жиынтық (гросс) зияндар бағалауларының уақыт бойынша өзгеруі көрсетілген.

ХҚЕС 17 талаптарына сәйкес Компания сақтандыру оқиғалары бойынша қорды жасау кезінде тәуекелді түзетуге әсер ететін күтілген жағдайдан аса қолайсыз болатын келешектегі оқиғалардың ықтималдылығы мен көлемін ескереді. Жалпы айтқанда, талап өңдеудің ерте кезеңінде талаптарды реттеудің соңғы құнымен байланысты белгісіздік өте жоғары болады. Талаптың дамуына қарай талаптардың соңғы құны біршама белгілі болады.

мың теңге	2019	2020	2021	2022	2023	2024	Жиыны
Шығындар сомасын бағалау							
Жыл соңына	1,926,369	374,241	1,058,891	307,501	1,082,156	1,560,486	1,560,486
1 жылдан кейін	4,672,112	701,540	1,381,425	488,474	534,267		534,267
2 жылдан кейін	4,532,131	2,478,191	1,392,379	489,160			489,160
3 жылдан кейін	3,539,514	2,443,975	1,401,569				1,401,569
4 жылдан кейін	3,827,773	2,704,053					2,704,053
5 жылдан кейін	2,834,056						2,834,056
2024 жылғы 31 желтоқсандағы шығын сомасының бағасы							
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жалпы төлемдер	2,834,056	2,704,053	1,401,569	489,160	534,267	1,560,486	9,523,591
	(914,601)	(2,344,240)	(878,936)	(448,008)	(428,054)	(1,554,948)	(6,568,787)
Қаржылық емес тәуекелге дисконттау және тәуекелге түзету әсері							165,094
Қаржылық жағдай туралы есепке енгізілген пайда болған залалдар бойынша міндеттемелер							3,119,898

21. Қаржылық тәуекелдерді басқару мақсаттары мен саясаты, жалғасы

(в) Несиелік тәуекел

Компания өз инвестициялық қызметінде және полистерді ұстаушылар немесе басқа үшінші тараптар атынан делдал ретінде өз қызметінде несиелік тәуекелге душар болады.

Компания қабылданған несиелік тәуекел деңгейлерін бір контрагентке немесе контрагенттер тобына, географиялық және салалық сегменттерге тәуелді болу шектерін тағайындау арқылы құрылымдайды. Санаттар және мекендер бойынша несиелік тәуекел деңгейлерінің шектері жыл сайын бекітіледі.

Компания контрагенттер, географиялық мекендер мен салалар, сондай-ақ, эмитенттер, несиелік рейтинг ауқымы мен нарықтық өтімділік бойынша тәуекелдердің шоғырлануын шектеп отырады. Қайта сақтандырушылар мен делдалдар сыртқы кредиттік рейтингтер және ішкі шолулар негізінде бағаланады. Қарыздық бағалы қағаздарға қатысты Компания тек жоғары сапалы корпоративтік және мемлекеттік қарыздық міндеттемелерге инвестициялау саясатын ұстанады және Standard & Poor's (бұдан әрі – «S&P») рейтингтік агенттігінің рейтингтері бойынша «BBB» деңгейінен төмен спекулятивті активтерге инвестиция салмайды.

Сыртқы несиелік рейтинг болмаған жағдайда Компания қолжетімді сыртқы және ішкі дереккөздердің негізіндегі дефолт тәуекелі дәрежесіне байланысты тәуекелдердің категориясын жасайды. Тәуекелдер деңгейін тағайындауға тәуекелдерді басқару бөлімі жауапты болып табылады. Тәуекел деңгейлері тұрақты түрде деңгей бойынша қарастырылып тұрады. Атап айтқанда, қайта сақтандырушылардың потенциалды дефолт салдары қадағаланады және тиісті түрде басқарылады. Төменде ішкі тәуекел деңгейлері мен S&P рейтингтік агенттігінің рейтингі ара-қатынасының балама картасы келтірілген.

Санат	Сыртқы рейтинг
Төмен тәуекел	AAA+ тен BBB- ке
Орташа тәуекел	BB+ тен BB- қа
Сапасыз	B+ тен CCC- қа
Күмәнді	CC дан C ге
Шығынды	D

Компания төмендегі процестерді қамтитын күтілетін несиелік шығындарды бағалау процестерін дайындайды және жүргізеді:

- қолданыстағы модельдерді алғашқы тұжырымдау, тұрақты тексеру және бэк-тестілеу;
- несиелік тәуекелдің едәуір ұлғаюын анықтау және қадағалау;
- болжамдық ақпаратты қосу.

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанына несиелік тәуекелге ықпалды қаржы активтері төмендегідей болған: мың теңге

	Еск.	2024	2023
Ақша қаражаттары (кассадағы ақша қаражатын шегергенде)	9	179,083	164,938
Банк салымдары	10	5,294,012	4,330,429
Кері репо шарттары бойынша берілген несие	11	301,000	31,029
Табыстар мен шығыстар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері	12	317,044	329,872
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері	13	53,712,027	48,815,913
Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активтері	14	18,597,885	22,076,420
Қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер	17	11,377,954	15,167,909
Өзге активтер	16	1,887,467	1,959,723
		91,666,472	92,876,233

21. Қаржылық тәуекелдерді басқару мақсаттары мен саясаты, жалғасы

Төмендегі кестеде Standard & Poor's рейтингін (немесе S&P рейтингі болмаған жағдайда, эквивалентті рейтинг негізінде) қолдана отырып, жоғарыда аталған қаржы активтерін талдау көрсетілген.

мың теңге	AAA+ тен AAA- ке	AA+ тен AA- ке	A+ тен A- ке	BBB+ тен BBB- ке	BB+ тен BB- ке	B+ тен B- ке	Рейтингсіз	Жиыны
2024								
Ақша қаражаттары (кассадағы ақша қаражатын шегергенде)	-	-	-	758	50	178,275	-	179,083
Банк салымдары	-	-	-	-	3,585,575	1,741,885	-	5,327,460
Кері репо шарттары бойынша берілген несие	-	-	-	301,000	-	-	-	301,000
Табыстар мен шығыстар арқылы өділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері	-	-	-	306,241	-	-	10,803	317,044
Өзге жиынтық табыс арқылы өділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері	6,688,840	5,328,189	4,539,927	34,309,906	505,450	1,038,028	1,301,687	53,712,027
Амортизацияланған құн бойынша есептелетін қаржы активтері	-	1,838,988	-	16,254,759	505,450	-	-	18,599,197
Қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер	-	-	-	-	-	-	11,377,954	11,377,954
Өзге активтер	-	-	-	-	-	-	1,887,467	1,887,467
	6,688,840	7,167,177	4,539,927	51,172,664	4,596,525	2,958,188	14,577,911	91,701,232
	-	(130)	-	(1,146)	(9,438)	(24,046)	-	(34,760)
6,688,840	7,167,047	4,539,927	51,171,518	4,587,087	2,934,142	14,577,911	91,666,472	
2023								
Ақша қаражаттары (Кассадағы ақша қаражатын шегергенде)	-	-	-	-	310	164,624	4	164,938
Банк салымдары	-	-	-	-	1,706,288	2,702,896	-	4,409,184
Кері репо шарттары бойынша берілген несие	-	-	-	31,029	-	-	-	31,029
Табыстар мен шығыстар арқылы өділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері	-	-	-	-	319,069	-	10,803	329,872
Өзге жиынтық табыс арқылы өділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері	5,005,551	4,864,056	5,019,413	27,717,899	2,806,617	1,280,261	2,122,116	48,815,913
Амортизацияланған құн бойынша есептелетін қаржы активтері	682,230	1,579,224	686,212	18,630,023	505,456	-	-	22,083,145
Қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер	-	-	-	-	-	-	15,167,909	15,167,909
Өзге активтер	-	-	-	-	-	-	1,959,723	1,959,723
	5,687,781	6,443,280	5,705,625	46,378,951	5,337,740	4,147,781	19,260,555	92,961,713
	-	(18)	(4)	(5,970)	(8,411)	(71,077)	-	(85,480)
5,687,781	6,443,262	5,705,621	46,372,981	5,329,329	4,076,704	19,260,555	92,876,233	
Күтілетін несиелік шығындар бойынша резерв								

21. Қаржылық тәуекелдерді басқару мақсаттары мен саясаты, жалғасы

(г) Өтемпаздық тәуекелі

Өтемпаздық тәуекелі дегеніміз – қаржылық құралдармен байланысты міндеттемелер бойынша барлық талаптарды қанағаттандыру үшін қажет қаражаттарды тартуда кәсіпорын қиыншылықтарға тап болу тәуекелі. Өтемпаздық тәуекелі активтерді олардың әділ құны бойынша тез жүзеге асыру қабілеттілігінің болмауынан; немесе контрагенттің өзінің келісім міндеттемелерін өтеу қабілеттілігінің болмауынан; немесе сақтандыру міндеттемелері бойынша төлем мерзімдері күткеннен ерте болуынан; немесе күтілгендей ақша ағымдарын дамыта алмаудан пайда болуы мүмкін.

Компания алдында тұрған негізгі өтемпаздық тәуекелі – сақтандыру келісімдері мен инвестициялық келісімдер бойынша пайда болатын, оның қол жетімді ақша қаражаттары бойынша күнделікті талаптарды білдіреді.

Компания өтемпаздық тәуекелін – Компания үшін не өтемпаздық тәуекелі болып табылатынын анықтайтын; төлем туралы жедел талаптарды қанағаттандыру үшін қаражаттардың ең аз мөлшерін анықтайтын; күтпеген шығындарды қаржыландыру жоспарларын құратын; қаржыландыру мен жоспарды іске қосатын оқиғалар көздерін анықтайтын; қаржыландыру көздерінің шоғырлануын; өтемпаздық тәуекеліне тап болу туралы және ақаулықтар туралы қадағалау органдарына есеп беретін; өтемпаздық тәуекелі бойынша саясаттың жүргізілуін қадағалайтын және өтемпаздық тәуекелін басқару бойынша саясатты сәйкестікке және қоршаған жағдайлардағы өзгерістерге сәйкестігін қарастыратын Компанияның өтемпаздық тәуекелін басқару бойынша саясаты арқылы басқарады.

Қаржы активтері мен байланысты міндеттемелер өтімділігін талдау

Төмендегі кестеде есеп күні мен өтеудің келісімді күн аралығына негізделген тиісті топта өтеу мерзімі бойынша жалпы негізде өтелетін Компанияның қаржы міндеттемелеріне талдау жасалған. Бағалы қағаздарды өтеу мерзімі өткеннен кейін міндеттемелерді өтеуге қажетсіз түсімдер тұрақты мөлшерлеменен бағалы қағаздарға қайта салынады.

Алайда, негізінде келісімдерді жасау бойынша бизнес жүргізетін Компания қаржыландыру талаптарын абсолютті нақтылықпен болжай алмайды, өйткені сақтандыру келісімдеріне осы міндеттемелер реттелуге тиіс ықтимал резервтер мен кезеңдерді анықтау үшін ықтималдылық теориясы қолданылады. Осылайша, сақтандыру міндеттемелері бойынша өтеу сомалары мен мерзімдері басшылықтың статистикалық әдіске және алған тәжірибеге сүйенген бағалауына негізделеді.

мың теңге	Талап бойынша	1 жылдан кем	1 жылдан 3 жылға дейін	3 жылдан асат	Жиыны
2024					
Ақша қаражаттары	185,886	–	–	–	185,886
Банк салымдары	–	5,231,012	–	63,000	5,294,012
Кері репо шарттары бойынша берілген несие	–	301,000	–	–	301,000
Табыстар мен шығыстар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері	–	317,044	–	–	317,044
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері	–	19,199,074	19,114,736	15,398,217	53,712,027
Амортизацияланған құн бойынша есептелетін қаржы активтері	–	10,685,987	6,653,053	1,258,845	18,597,885
Қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер	243,684	2,810,942	4,610,124	3,713,204	11,377,954
Өзге активтер	1,879,254	8,213	–	–	1,887,467
Сақтандыру келісімдері бойынша міндеттемелер	(2,167,734)	(3,924,648)	(3,245,486)	(6,255,419)	(15,593,287)
Өзге міндеттемелер	–	(128,010)	–	–	(128,010)
	141,090	34,500,614	27,132,427	14,177,847	75,951,978

21. Қаржылық тәуекелдерді басқару мақсаттары мен саясаты, жалғасы

мың теңге	Талап бойынша	1 жылдан кем	1 жылдан 3 жылға дейін	3 жылдан асат	Жиыны
2023					
Ақша қаражаттары	174,603	—	—	—	174,603
Банк салымдары	—	3,520,434	—	809,995	4,330,429
Кері репо шарттары бойынша берілген несие	—	31,029	—	—	31,029
Табыстар мен шығыстар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері	—	329,872	—	—	329,872
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері	—	11,601,763	23,958,760	13,255,390	48,815,913
Амортизацияланған құн бойынша есептелетін қаржы активтері	—	14,080,837	7,496,402	499,181	22,076,420
Қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер	335,874	5,305,889	4,962,010	4,564,136	15,167,909
Өзге активтер	1,959,598	125	—	—	1,959,723
Сақтандыру келісімдері бойынша міндеттемелер	(2,444,944)	(8,663,606)	(7,049,870)	(6,334,744)	(24,493,164)
Өзге міндеттемелер	—	(106,795)	—	—	(106,795)
	25,131	26,099,548	29,367,302	12,793,958	68,285,939

Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер дисконтталмаған жалпы сома негізінде көрсетіледі.

(ғ) Инвестициялық тәуекел

Өзінің инвестициялық саясатында Компания бірқатар принциптерді ұстанады: ол сәйкесінше пайда көруді күтіп отырған инвестицияларды жүзеге асырады және ол осылардың ең жоғары қамтамасыз ету деңгейін ұсынатынын кепілдейді. Ылғи өтемпіздің көп мөлшерінің болуы және инвестициялар түріне қатысты мақсаттық диверсификацияның болғаны маңызды. Осы салада қазақстандық сақтандыру компанияларының жұмысы қатаң қадағаланып отыр, және оларға құнды қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы ретінде жұмыс істеуге рұқсат етілмейді. Сондықтан Компания өз инвестициялық жұмысын, Компанияның тапсырысы бойынша осындай операцияларды жасайтын брокерлер арқылы жүзеге асырады

(д) Нарықтық тәуекел

Барлық қаржы құралдары және позициялар нарықтық тәуекелге ұшырайды, ол нарықтық жағдайдың келешектегі өзгерістері құрал құнының өсуіне немесе азаюына әсер беруін білдіреді. Әділ құн бойынша көрсетілетін қаржылық құралдар әділ құн бойынша танылады, және нарықтық жағдайлардың барлық өзгерістері әділ құн өзгерісінен түсетін кіріске кірістер мен шығыстар немесе өзге жиынтық табыс есебінде көрсетілуіне қарамастан тікелей әсер етеді. Бұл құралдар әділ құн бойынша, кейінірек ағымдағы нарық бағаларымен танылады. Қаржы активтерінің құнсыздануы Компанияның есеп саясатына сәйкес танылады (24(к)-ескертуді қараңыз).

Компания нарық жағдайы өзгерген кезде қаржы құралдарын пайдалануын басқарып отырады. Нарықтық тәуекелге деген бейімділік ресми түрде жоғарғы басшылық бекіткен тәуекел мен концепция бойынша шектеулерге сәйкес құралдарды сатып алу немесе сату арқылы, немесе өзара есепке алу арқылы басқарылады.

(е) Пайыздық мөлшерлеме тәуекелі

Компанияның 2,311,558 мың теңге (2023 жылы: 1,926,701 мың теңге) көлеміндегі нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне ұшырайтын қаржылық активтері бар. Мөлшерлемелердің өзгерістері кірістілікке әсер етіп, болашақ ақша ағындарының қозғалысына ықпал етеді.

Сезгіштікті талдау

Пайыздық мөлшерлеменің 1% өсуі (немесе төмендеуі) салықтан кейінгі кірістің 18,493 мың теңгеге (2023 жылы: 15,414 мың теңгеге) өсуіне (немесе азаюына) әкелер еді. Бұл талдау барлық басқа айнымалылар өзгермеген жағдайда жасалған.

21. Қаржылық тәуекелдерді басқару мақсаттары мен саясаты, жалғасы

(ж) Валюталық тәуекел

Компания АҚШ долларымен операцияларды жүзеге асыру кезінде валюталық тәуекелге ұшырайды.

Компанияның валюталық тәуекелге ұшырауы төмендегідей болды:

мың теңге	АҚШ доллары	Евро	Фунт стерлинг	Ресей рублі	Австралия доллары
2024					
Ақша қаражаттары	–	159,377	–	7,084	–
Банк салымдары	3,257,783	–	–	–	–
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері	30,307,826	177,347	1,093,288	–	–
Амортизацияланған құн бойынша есептелетін қаржылық активтер	6,390,174	–	533,618	–	–
Өзге активтер	1,663,172	9,349	67,893	490	10,939
Өзге міндеттемелер	(269)	–	–	(1)	–
	41,618,686	346,073	1,694,799	7,573	10,939
2023					
Ақша қаражаттары	–	146,405	–	–	–
Банк салымдары	2,479,624	–	–	–	–
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері	26,540,790	153,786	232,288	–	1,703,302
Амортизацияланған құн бойынша есептелетін қаржылық активтер	8,875,739	–	–	–	–
Өзге активтер	1,485,316	5,726	391,291	178	76,914
	39,381,469	305,917	623,579	178	1,780,216

Сезгіштікті талдау

31 желтоқсандағы жағдай бойынша теңгенің келесі валюталарға қатысты бағамының 10%-ға әлсіреуі салықтан кейінгі кірістің төменде көрсетілген сомаға өсуіне (немесе азаюына) әкелер еді. Бұл талдау барлық басқа айнымалылар өзгермеген деп есептейді.

мың теңге	2024	2023
АҚШ доллары	3,329,495	3,150,518
Евро	27,686	24,473
Фунт стерлинг	135,584	49,886
Ресей рублі	606	14
Австралия доллары	875	142,417

31 желтоқсандағы жағдай бойынша теңгенің жоғарыда аталған валюталарға қатысты бағамының 10%-ға нығаюы барлық басқа айнымалылар өзгермеген жағдайда қарама-қарсы өсерге ие болар еді.

(з) Баға тәуекелі

Баға тәуекелі – бұл, жекелеген бағалы қағаздарға немесе олардың эмитентіне немесе нарықтағы барлық бағалы қағаздарға төн факторлардың өзгеруінен болғанына қарамастан, нарық бағаларының өзгеру нәтижесінде қаржы құралы құнының өзгеру тәуекелі. Компания нарықтағы жалпы немесе арнайы өзгерістердің оның қаржы активтеріне ықпал етуіне байланысты баға тәуекеліне ұшырауы мүмкін.

31 желтоқсандағы қаржылық активтердің бағасының 1%-ға өсуі (немесе төмендеуі) салықтан кейінгі кірістің төменде көрсетілген сомаға өсуіне (немесе азаюына) әкеледі. Бұл талдау барлық басқа айнымалылар өзгермейтін есепке негізделген.

21. Қаржылық тәуекелдерді басқару мақсаттары мен саясаты, жалғасы

мың теңге

Табыстар мен шығыстар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері
 Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері

2024	2023
2,536	2,639
429,696	390,527

(и) Капиталды басқару

Компания реттелетін сала болып табылатын сақтандыру секторына өз қызметін атқарады. Компания капитал бойынша барлық ережелерді және пруденциалдық нормаларды орындауы міндетті. Пруденциалдық ережелер төлемқабілеттіктің минималды шектерін есептеу әдісін және төлемқабілеттіктің нақты шегін (төлемқабілеттіктің нақты маржасы) бекітеді.

мың теңге

Реттеушілік капитал

Төлемқабілеттіктің минималды маржасы

Төлемқабілеттіктің нақты маржасы

Төлемқабілеттік маржасының жеткілікті нормативі

2024	2023
3,973,978	2,438,191
66,973,818	57,597,846
16.85	23.62

22. Шартты және ықтимал міндеттемелер

(а) Қазақстандағы салық салу бойынша шартты міндеттемелер

Салық заңнамасын түсіндірудегі белгісіздіктер

Компания оның салықтық міндеттемелерін анықтауға қатысты белгісіздіктердің өсеріне ұшырайды. Қазақстанның салық заңнамасы мен салық тәжірибесі үздіксіз өзгерулер жағдайында, сондықтан олар ретроспективті қолданылуы мүмкін өзгерістерге және әр түрлі түсіндірулерге ұшырайды.

Басшылықтың Компанияның мәмілемелері мен қызметіне аясында заңнаманы түсінуі салық органдарының түсінуімен сәйкес келмеуі мүмкін. Нәтижесінде, мәмілелер мен операцияларға тиісті салық органдары наразы болып, сәйкесінше, өз кезегінде Компаниядан қосымша салық, өсімақы және айыппұлды талап етуіне әкеп соқтыруы ықтимал, соның салдарынан Компанияның қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне елеулі теріс өсер беруі мүмкін.

Қосымша салық салу кезеңі

Қазақстандағы салық органдары салық төлеуші немесе салық кезеңіне байланысты тиісті салық кезеңі өткеннен кейін үш немесе бес жыл ішінде қосымша салық салуға құқылы. Салық заңнамасы бекіткен кейбір жағдайларда бұл мерзім үш жылға созылуы мүмкін.

Ықтимал қосымша салық міндеттемелері

Басшылық Компания Қазақстанда әрекет ететін салық заңнамасының талаптарын, сондай-ақ, өз қызметіне өсер ететін жасалған келісімдердің салық шарттарын орындайтынына және қосымша салық міндеттемелерінің туындамайтынына сенімді. Алайда, жоғарыда аталған себептерге байланысты тиісті салық органдары келісім ережелері мен салық заңнамасының талаптарын басқаша түсіндіруі мүмкін.

Нәтижесінде, қосымша салық міндеттемелері туындауы ықтимал. Бірақ, жоғарыда аталған кез келген потенциалды қосымша салық міндеттемелерін есептеу кезіндегі айтылған белгісіздіктер себебінен басшылық, егер осындай міндеттемелер орын алса, салық міндеттемелерінің, сондай-ақ, Компания төлеуге жауапты өсімақы мен айыппұлдың қаржылық өсерін бағалау орынсыз болып табылады.

(ә) Сот арыздары

Әдеттегі қызмет барысында Компанияға қарсы соттық қуынымдар орын алуы мүмкін. Басшылық осындай әрекеттер мен талаптардан туындайтын түпкілікті жауапкершілік, егер болса, Компанияның қаржылық жағдайына және нәтижелеріне өсер ететін жағымсыз салдарға әкеп соқтырмайды деп санайды. 2024 жылдың 31 желтоқсанына Компания қандай да бір елеулі сот ісін жүргізуге қатысқан жоқ.

23. Байланысты тараптармен жасалатын операциялар

Байланысты тараптар мыналарды қамтиды:

- Негізгі басшылар;
- Жалпы бақылаудағы компаниялар

23. Байланысты тараптармен жасалатын операциялар, жалғасы

(а) Басшылық сыйақысы

Негізгі басшылар алған сыйақылар өкімшілік шығыстардың бір бөлігі ретінде жалақы шығындарына кіреді және 158,492 мың теңгені құрайды (2023: 86,165 мың теңге) (7-ескертуді қараңыз).

(ә) Байланысты тараптармен операциялар

мың теңге

Ақша қаражаттары

Банк салымдары

Өзге активтер

Өзге міндеттемелер

Сақтандыру сыйақысы

Сақтандыру төлемдері

Сақтандыру сомасы

Банктік депозиттер бойынша пайыздық кіріс

	2024	2023
Ақша қаражаттары	178,274	162,785
Банк салымдары	1,717,840	2,702,082
Өзге активтер	267,948	685,154
Өзге міндеттемелер	(4,795)	(4,252)
Сақтандыру сыйақысы	92,853	929,024
Сақтандыру төлемдері	57,403	9,752
Сақтандыру сомасы	43,717,117	152,499,596
Банктік депозиттер бойынша пайыздық кіріс	278,216	183,294

2024 жылғы 31 желтоқсанда байланысты тараптардың банктік депозиттерінің құнсыздануына арналған резерв 24,046 мың теңге болды (2023 жылы: 71,077 мың теңге). Байланысты тараптардың банктік депозиттерінің құнсыздану шығындарын қалпына келтіру 47,031 мың теңгені құрады (2023 жылы: құнсыздану шығындары 30,523 мың теңге).

(б) Байланысты тараптармен жасалған операциялар шарттары

Байланысты тараптармен жасалатын мәмілелердің бағалары мәміленің сипатына қарай тұрақты негізде анықталады.

24. Есеп саясатының негізгі ережелері

Қаржы есептілігін даярлау кезінде, Компания есептілік саясатының төменде берілген негізгі принциптерін біртіндеп пайдаланған.

(а) Шетел валютасындағы операциялары

Шетел валютасындағы операциялар Компанияның функционалды валютасына, осы операциялардың жасалу күніне айырбас курстары бойынша қайта есептеледі. Есеп беру күніне шетел валютасымен берілген монетарлық активтер мен міндеттемелер, осы есеп беру күніндегі айырбас курсы бойынша функционалды валютаға қайта есептеледі. Шетел валютасында берілген және әділ құнмен бағаланатын монетарлы емес активтер мен міндеттемелер, әділ құнды анықтау күніндегі айырбас курсы бойынша функционалды валютаға қайта есептеледі, ал тарихи құны бойынша бағаланатындар мәліме күніне есептеледі. Қайта есептеу кезінде пайда болатын курстық айырмашылықтар, табыстар мен шығындар туралы есептілікте мойындалады.

Қаржы есептілігін дайындау барысында келесі курстық бағамдар қолданылды:

	2024		2023	
	Жыл соңында	Орташа	Жыл соңында	Орташа
АҚШ доллары	523.54	469.44	454.56	456.31
Евро	546.47	507.86	502.24	493.33
Фунт стерлинг	659.08	600.27	577.47	567.30
Ресей рублі	4.99	5.08	5.06	5.40
Австралия доллары	326.27	309.75	305.87	303.00

(ә) Сақтандыру келісімдері

Сақтандыру келісімдерінің классификациясы

Компания әдеттегі қызмет барысында сақтандыру келісімдерін жасайды, сол келісімдер бойынша өз сақтандырушылары тарапынан елеулі сақтандыру тәуекелін қабылдайды. Әдеттегідей, Компания сақтандыру оқиғасынан кейінгі төленетін төлемдерді сақтандыру оқиғасы орын алмаған кездегі төлемдермен салыстыра отырып, елеулі сақтандыру тәуекелін анықтайды. Сақтандыру келісімдері қаржы тәуекеліне де әкелуіне мүмкін.

24. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

Компания сондай-ақ өзінің негізгі қызметі барысында қайта сақтандыру шарттарын жасайды, бұл арқылы басқа ұйымдарға осы ұйымдармен жасалған бір немесе бірнеше сақтандыру шарттарынан туындайтын талаптарды өтейді.

Сақтандыру келісімдерін есептеу тәртібі

Сақтандыру келісімдерінен компоненттерді бөліп шығару

Сақтандыру келісімі, егер жекелеген келісімдер болса, басқа стандартты қолдану аясына жатқызылатын бір немесе бірнеше құраушыдан тұруы мүмкін. Кез келген жекелеген компоненттерді бөліп шығарғаннан кейін Компания сақтандыру келісімінің басқа компоненттеріне ХҚЕС 17 қолданады. Қазіргі кезде Компанияның өнімдерінде бөліп шығаруды талап ететін ешқандай жекелеген компоненттер жоқ.

Біріктіру деңгейі

Компания сақтандыру келісімдерінің қоржынын анықтайды. Қоржын ұқсас тәуекелге бейім келісімдерді қамтиды және бірге басқарылады.

Егер Компанияда барлық келісімдер жиынтығы бір топқа жатады деген шешімге келтіретін негізделген және куәландырылған ақпарат болса, Компания осы келісімдерде ауыртпалық бар екендігін анықтау үшін бір топқа жататын келісімдер жиынтығын бағалайды және осы келісімдер кейінірек ауыртпалыққа ие болуы ықтималдылығы жоқ екендігін анықтау үшін осы келісімдер жиынтығын бағалайды. Егер Компанияда барлық келісімдер жиынтығы бір топқа жатады деген шешімге келтіретін негізделген және куәландырылған ақпарат болмаса, Компания қай топқа жататындығын анықтау үшін әр келісімді жеке бағалайды.

Компания әр түрлі бағалар немесе сақтанушыға әр түрлі сипаттағы жеңілдіктерді беру мүмкіндігі заң немесе нормативті актілермен тікелей шектелген жағдайдағы әр топқа жатқызылатын келісімдерді бір топқа кіргізеді.

Қоржындар тану мен бағалау мақсатында шығару жылы және табыс бойынша жіктеледі. Сондықтан, әр шығару жылы шегінде келісімдер қоржыны үш топқа бөлінеді:

- Алғашқы тануда ауыртпалығы бар келісімдер тобы (егер бар болса);
- Алғашқы тануда кейінірек ауыртпалыққа ие болу мүмкіндігі жоқ келісімдер тобы (егер бар болса);
- Қоржындағы қалған келісімдер тобы (егер бар болса).

Келісімдер тобының тиімділігі актуарлы бағалау моделінің көмегімен бағаланады. Компанияның пайымдауынша, егер фактілер мен жағдайлар тікелей көрсетпесе, алғашқы тануда қоржындағы еш келісім ауыртпалыққа ие емес. Ауыртпалығы жоқ келісімдер үшін Компания алғашқы тануда қолданылатын фактілер мен жағдайлардың өзгеру ықтималдылығын бағалау арқылы келісімдердің кейінірек ауыртпалыққа ие болу мүмкіндігінің жоқ екендігін бағалайды. Компания келісімдер тобы ауыртпалыққа ие екендігін анықтау үшін барлық орынды фактілер мен жағдайларды қарастырады.

Компания қайта сақтандыру шарттарының портфелін жоғарыда көрсетілген қағидаларға сүйене отырып бөледі, бірақ ауыртпалықты келісімшарттарға сілтемелер бастапқы таныстыру кезінде таза кіріс бар келісімшарттарға қатысты болады. Кейбір сақталған қайта сақтандыру шарттары топтары үшін топ бір шарттан тұруы мүмкін.

Тану

Компания келесі бойынша ең алғашқысынан бастап, жасалатын сақтандыру келісімдер тобын таниды:

- келісімдер тобы бойынша сақтандыру өтелімі кезеңінің басталуы;
- тиісті келісімдер тобындағы полисті ұстаушының бірінші төлемін жасау мерзімі келетін күн;
- ауыртпалығы бар келісімдер тобына сәйкес – осы топ ауыртпалыққа ие болатын күн.

Компания сақталған қайта сақтандыру шарттары тобын келесі екі мерзімнің ең ерте басталу күнінен бастап таниды:

- сақталған қайта сақтандыру шарттары тобына жататын сақтандыру кезеңінің басталу күні;
- Компания ауыртпалықты тиісті қайта сақтандыру шарты осы сақталған қайта сақтандыру шарттары тобына кірсе және Компания оны сол күні немесе одан бұрын жасаған болса негізгі сақтандыру шарттары тобын таныған күні;

Компания жоғарыда келтірілген критериялардың біреуіне сәйкес келетін есеп кезеңінде топқа жаңа келісімдерді қосады.

Келісім шегі

Компания сақтандыру келісімдері тобының бағалауына топтағы әр келісімнің аясында барлық келешектегі ақша қаражатының ағынын қосады.

24. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

Ақша ағындары, егер Компания полис ұстаушысынан сақтандыру жарналарын төлеуді мәжбүр ете алатын немесе Компанияда полис ұстаушысына сақтандыру келісімі бойынша қызмет көрсету міндеті бар есеп кезеңіндегі елеулі құқықтар мен міндеттерден туындаса, сақтандыру келісімі аясында болады. Сақтандыру келісімі бойынша қызметтерді көрсетудің елеулі міндеттемесі төмендегі жағдайларда аяқталады:

- Компания нақты сақтанушының тәуекелдерін қайта бағалауға іс жүзінде мүмкіндігі болғанда, яғни осы тәуекелді анықтай алатын баға немесе сыйақы деңгейін тағайындағанда; немесе
- келесі екі критерия орындалса:
 - Компания келісімі бар келісімдер қоржынындағы тәуекелдерді іс жүзінде қайта бағалау мүмкіндігіне ие болса, яғни осы қоржын тәуекелін анықтай алатын баға немесе сыйақы деңгейін тағайындай алса.
 - тәуекелдерді қайта бағалау күніне дейін сыйақы бағаларын белгілеу қайта бағалау күнінен кейінгі кезеңге жататын тәуекелдерді есепке алмаса.

Сақтандыру келісімдері аясындағы күтілетін сыйақылар немесе талаптарға қатысты міндеттеме немесе актив танылмайды. Мұндай сомалар келешектегі сақтандыру келісімдеріне жатқызылады.

Егер ақша ағындары есепті кезең ішінде Компания қайта сақтандырушыға сомаларды төлеуге міндетті немесе қайта сақтандырушыдан қызметтер алуға құқығы бар маңызды құқықтар мен міндеттемелерден туындаса, олар қайта сақтандыру шартының шеңберінде деп есептеледі. Қайта сақтандырушыдан қызметтер алуға тиісті құқық аяқталады, егер қайта сақтандырушы:

- оған берілген тәуекелдерді қайта бағалау мүмкіндігіне ие болып, осы қайта бағаланған тәуекелді толықтай қамтитын табыстың бағасын немесе деңгейін анықтай алса;
- сақтандырудың қамтуын тоқтатуға материалдық құқығы бар болса.

Келісім шегі Компанияның елеулі құқықтары мен міндеттеріне қатысты жағдайлардың өзгеруін есепке алып әр есептік кезеңде қайта қаралады, сондықтан уақыт өткен сайын өзгеруі мүмкін.

Сыйақыны бөлу тәсіліне сай бағаланбайтын шарттар

Сақтандыру шарттары

Бастапқы бағалау

Бастапқы тану кезінде Компания сақтандыру шарттарының тобын төмендегі құрамда бағалайды:

- ақшаның уақытша құнын көрсету үшін түзетілген болашақ ақша ағындарын бағалауды және оларға қатысты қаржы тәуекелдерін қамтитын шарттарды орындаудан түсетін ақша ағындары және қаржылай емес тәуекелді түзету;
- шарт бойынша көрсетілетін қызметтер үшін маржа.

Басқа бағалаулардан жеке анықталатын сақтандыру шарттары тобы бойынша қаржылық емес тәуекелге арналған тәуекелдік түзету, қаржылай емес тәуекел нәтижесінде туындайтын ақша ағындарының мөлшері мен мерзіміне қатысты белгісіздікті қамту үшін қажетті өтемақыны білдіреді.

Шартпен көзделген сақтандыру шарттары тобы бойынша көрсетілетін қызметтерге арналған маржа Компания бұл шарттар бойынша қызметтерді жасаған кезде танылатын табысты білдіреді. Сақтандыру шарттары тобы алғаш рет танылған кезде, егер (а) шарттарды орындауға байланысты ақша ағындарының, (ә) осы күнгі туындаған кез келген ақша ағындарының және (б) топпен байланысты ақша ағындарына қатысты бұрын танылған кез келген активтер немесе міндеттемелерді тануды тоқтату нәтижесінде туындаған кез келген соманың жиынтық сомасы таза ақша ағыны болып табылса, онда бұл топ ауыртпалығы бар болып есептелмейді. Мұндай жағдайда, шартпен көзделген қызметтерге арналған маржа таза ақша ағынына тең және оған қарама-қарсы сома ретінде бағаланады, бұл бастапқы тану кезінде табыс немесе шығынның туындауына әкелмейді.

Егер жиынтық сома таза ақшалай шығыс болып табылса, онда бұл топ ауыртпалықты болып саналады. Мұндай жағдайда таза ақшалай шығыс кірістер мен шығыстар құрамында залал ретінде танылады. Залал компоненті кейіннен ауыртпалықты шарттар бойынша залалды қайтару ретінде кірістер мен шығыстар құрамында көрсетілетін және сақтандыру кірістерінен алып тасталатын таза ақшалай шығыс сомасын көрсету үшін қалыптастырылады.

24. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

Кейінгі бағалау

Әр есепті күні сақтандыру шарттары тобының теңгерімдік құны қалған қамту бөлігін қамтитын міндеттеме мен туындаған залалдар бойынша міндеттемеден тұрады. Қалған қамту бөлігіндегі міндеттеме мыналарды қамтиды: (а) болашақ кезеңдерде шарттар бойынша көрсетілетін қызметтерге қатысты міндеттемелерді орындаудан түсетін ақша ағындары; (ә) осы күнгі шартпен көзделген қызметтерге арналған қалған маржа. Туындаған залалдар бойынша міндеттеме келесілерді қамтиды: міндеттемелерді орындауға байланысты, бірақ әлі төленбеген залалдар мен шығыстарға қатысты ақша ағындары, соның ішінде орын алған, бірақ әлі талап етілмеген залалдар.

Сақтандыру шарттары топтары бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты ақша ағындары есепті күнгі болашақ ақша ағындарының қазіргі бағалаулары, дисконттау үшін қолданылатын ағымдағы мөлшерлемелер және қаржылық емес тәуекелге арналған тәуекелге түзетудің ағымдағы бағалаулары негізінде бағаланады. Міндеттемелерді орындауға байланысты ақша ағындарындағы өзгерістер келесі түрде танылады:

- болашақ қызметтерге қатысты өзгерістер шартпен көзделген қызметтерге арналған маржаны түзету арқылы танылады немесе, егер топ ауыртпалықты болса, сақтандыру қызметінен алынатын кірістер немесе шығыстар ретінде танылады.
- ағымдағы немесе өткен қызметтерге қатысты өзгерістер сақтандыру қызметінен алынатын кірістер немесе шығыстар ретінде танылады.
- болашақ ақша ағындарына ықпал ететін ақша құнының уақыттық әсері, қаржылық тәуекел және оның өзгерістері сақтандыру шарттары бойынша қаржылық кірістер немесе шығыстар ретінде танылады.

Шартпен көзделген қызметтерге арналған маржаның әр есепті күндегі теңгерімдік құны жыл басындағы теңгерімдік құнның төмендегіні ескере отырып өзгертілуі арқылы танылады:

- есепті жыл ішінде топқа енгізілген барлық жаңа шарттар бойынша шартпен көзделген қызметтерге арналған маржа;
- алғашқы тануда анықталған кез-келген базалық көрсеткіштер бойынша табыстылыққа қатысты өзгермейтін номиналды ақша ағындарының дисконттау мөлшерлемесі арқылы бағаланатын есепті жыл ішінде шартпен көзделген қызметтерге арналған маржаның теңгерімдік құнына есептелген пайыздар;
- болашақ қызметтерге қатысты міндеттемелерді орындауға байланысты ақша ағындарындағы өзгерістер, келесі жағдайларды қоспағанда:
 - егер шарттарды орындауға байланысты ақша ағындарының кез келген ұлғаюы шартпен көзделген қызметтерге арналған маржаның теңгерімдік құнынан асып кетсе;
 - егер шарттарды орындауға байланысты ақша ағындарының кез келген азаюы бұрын кірістер мен шығыстар құрамында танылған залалдарды қалпына келтіретін залал компонентіне жатқызылса, бұл артық сома кірістер мен шығыстар құрамында залал ретінде танылады және залал компонентін қалыптастырады.
- шартпен көзделген қызметтерге арналған маржаға шетел валютасы бағамының айырмаларының әсері;
- есепті жылы көрсетілген қызметтерге байланысты сақтандыру кірісі ретінде танылған сомалар.

Болашақ қызметтерге қатысты міндеттемелерді орындауға байланысты ақша ағындарындағы өзгерістер мыналарды қамтиды:

- алғашқы тануда анықталған дисконттау мөлшерлемесі бойынша бағаланатын болашақтағы қызметтер мен тиісті ақша ағынына қатысы бар осы жылы алынған сыйақыға байланысты туындайтын тәжірибе негізіндегі түзетулер;
- ақшаның уақытша құны, қаржылық тәуекел және оның өзгеруі нәтижесінде туындайтын өзгерістерді санамағанда, алғашқы тануда анықталған дисконттау мөлшерлемесі арқылы бағаланатын қалған қамту бөлігіндегі міндеттемедегі болашақ ақша ағындарының ағымдағы құнын бағалаудағы өзгерістер;
- болашақ қызметтерге қатысты қаржылық емес тәуекелге арналған тәуекелдік түзетудегі өзгерістер.

Қайта сақтандыру шарттары

Қайта сақтандыру шарттары тобына бағалау жүргізу үшін Компания тікелей қатысу белгілері жоқ сақтандыру шарттарына қолданылатын төмендегі өзгерістерді қамти отыра есептік саясаттарын қолданады.

Әр есепті күндегі қайта сақтандыру шарттары тобының теңгерімдік құны қалған қамту бөлігіндегі актив пен туындаған залалдар бойынша актив сомасынан тұрады. Қалған қамту бөлігіндегі актив мыналарды қамтиды: (а) болашақ кезеңдерде шарттар бойынша алынатын қызметтерге қатысты міндеттемелерді орындауға байланысты ақша ағындары; (ә) осы күнгі шартпен көзделген қызметтерге арналған кез келген қалған маржа.

24. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

Компания болашақ ақша ағындарының келтірілген құнын бағалау кезінде негізгі сақтандыру шарттары бойынша болашақ ақша ағындарының келтірілген құнын бағалауға пайдаланылатын болжамдарға сәйкес келетін болжамдарды қолданады, бірақ қайта сақтандырушының міндеттемелерін орындамау тәуекеліне түзетулер енгізіледі. Қайта сақтандырушының міндеттемелерін орындамау тәуекелінің әсері әр есепті күнге бағаланады, ал бұл тәуекел деңгейіндегі өзгерістердің әсері кірістер мен шығыстар құрамында танылады.

Қаржылық емес тәуекелге арналған тәуекелдік түзетуге енгізілетін түзету Компания қайта сақтандырушыға беретін тәуекел сомасын білдіреді.

Қайта сақтандыру шарттары тобы бастапқыда танылған кезде шартпен көзделген қызметтерге арналған маржа қайта сақтандыруды сатып алудан түскен таза құнды немесе таза табысты білдіреді. Ол мынадай жалпы соманың тең және қарама-қарсы шамасы ретінде бағаланады (а) шарттарды орындауға байланысты ақша ағындары; (ә) осы топқа қатысты ақша ағындарына байланысты бұрын танылған кез келген активтер мен міндеттемелерді тануды тоқтату нәтижесінде пайда болған сома; (б) осы күнгі кез келген ақша ағындары; және (в) осы күні танылған ауыртпалықты негізгі шарттар бойынша кірістер мен шығыстар құрамында танылған кез келген кіріс. Алайда, егер қайта сақтандыруды сатып алуға арналған қандай да бір таза шығыстар топты сатып алғанға дейін орын алған сақтандыру жағдайларына қатысты болса, Компания бұл шығыстарды дереу кірістер мен шығыстар құрамында шығыс ретінде таниды.

Шартпен көзделген қызметтерге арналған маржаның әр есепті күндегі теңгерімдік құны жыл басындағы баланстық құннан келесі түзетулерді ескере отырып анықталады:

- есепті жыл ішінде топқа енгізілген барлық жаңа шарттар бойынша шартпен көзделген қызметтерге арналған маржа;
- есепті жыл ішінде шартпен көзделген қызметтерге арналған маржаның теңгерімдік құнына есептелген пайыздар, олар бастапқы тану кезінде айқындалған және кез келген базалық баптар бойынша кірістілікке байланысты өзгермейтін номиналды ақша ағындары үшін қолданылатын дисконттау мөлшерлемелері бойынша есептеледі;
- бастапқы танудан кейінгі жылы ауыртпалықты негізгі шарттар бойынша кірістер мен шығыстар құрамында танылған табыс;
- қайта сақтандыру шарттары тобы бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты ақша ағындарының өзгерістері болып табылмайтын «залалдарды өтеу» компонентін түзету;
- ауыртпалықты базалық шарттарды орындаудағы ақша ағындарының өзгерудің нәтижесі болған жағдайларды 4есепке алмағанда, алғашқы тану кезінде анықталған дисконттау мөлшерлемесі арқылы бағаланатын болашақ қызметтерге қатысты шарттарды орындауға қатысты ақша ағындарындағы өзгерістер, және бұл жағдайда олар кірістер мен шығыстар құрамында танылады және залалдарды өтеу компонентін қалыптастырады немесе түзетеді;
- шартпен көзделген қызметтерге арналған маржаға шетел валютасы бағамдарының айырмашылықтарының әсері; және
- есепті жылы алынған қызметтерге байланысты кірістер мен шығыстар құрамында танылған сомалар.

Ауыртпалығы бар базалық сақтандыру шарттарын қайта сақтандыру

Компания қайта сақтандыру шартына жататын топтың шартпен көзделген қызметтерге арналған маржасын түзетеді, және нәтижесінде, егер қайта сақтандыру шарты ауыртпалықты негізгі шарттарды танумен бір мезгілде немесе одан бұрын жасалған болса, табысты таниды. Шартпен көзделген қызметтерге арналған маржаны түзету базалық шартқа жататын шығын сомасы мен Компания қайта сақтандыру шарттары бойынша өтеп алғысы келетін базалық шарттар бойынша талаптар үлесінің көбейтіндісі ретінде айқындалады.

Егер қайта сақтандыру шарты ауыртпалықты шарттар тобына енгізілген сақтандыру шарттарының тек бір бөлігін ғана қамтыса, онда Компания қайта сақтандыру шартымен қамтылатын базалық шарттарға қатысты ауыртпалықты шарттар тобы бойынша танылатын залалдардың үлесін айқындау үшін жүйелі және орынды әдісті қолданады.

Залалдарды өтеу компоненті қайта сақтандыру шарттары тобы үшін шартпен көзделген қызметтерге арналған маржаның түзетуін көрсету мақсатында жасалады немесе түзетіледі. Бұл түзету кейінірек қайта сақтандыру шарттары бойынша залалдарды өтеуді түзету ретінде кірістер мен шығыстар құрамында танылады және төленген қайта сақтандыру сыйлықақыларын бөлу құрамынан алып тасталады.

24. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

Сыйақыларды тарату негізіндегі тәсілге сәйкес бағаланатын келісімдер

Сақтандырудың кейбір сыныптарына қатысты Компания бастапқы кезеңде келесі критерийлер орындалса шарттар топтарын бағалауды оңайлату мақсатында сыйлықақыны бөлуге негізделген тәсілді қолданады:

- Сақтандыру шарттары: Топтағы әрбір шарттың қолданылу мерзімі бір жыл немесе одан аз.
- Қайта сақтандыру шарттары: Топтағы әрбір шарттың қамту мерзімі бір жыл немесе одан аз.

Сақтандыру шарттары

Әр шарттар тобын алғашқы тануда өтелімінің қалған бөлшегі бойынша міндеттемелердің теңгерімдік құны, осы күнге топқа бөлінген сақтандыру қызметін сатып алған кез келген ақша ағындарын шегере отырып, алғашқы тануда алынған сыйақылар бойынша бағаланады, және топқа қатысты ақша ағындары бойынша бұрын танылған кез келген актив немесе міндеттемені тануды тоқтату нәтижесінде туындаған кез келген сомаға түзетіледі.

Кейінірек өтелімінің қалған бөлшегі бойынша міндеттеменің теңгерімдік құны алынған сыйлықақы сомасына және шығын ретінде танылған сақтандыру алымдары бойынша ақша ағындары амортизациясына көбейеді, және көрсетілген қызметтер үшін сақтандыру бойынша табыс ретінде танылған және алғашқы танудан кейін таратылған сақтандыру активтерін сатып алу бойынша кез келген қосымша ақша ағындарына азаяды. Әр келісімдер тобын алғашқы тануда Компания қызметтің әр бөлшегін беру мен тиісті сыйлықақыны төлеу күні арасы бір жылдан аз болуын күтеді.

Егер өтелім кезеңінің кез келген сәтінде фактілер мен жағдайлар келісімдер тобы ауырпалыққа ие болатынын анықтаса, Компания шығынды табыс пен шығыс құрамында таниды және өтелімінің қалған бөлшегі бойынша міндеттемені қалған өтелімге қатысты келісімдерді орындау бойынша ақша ағындарын сол сәттегі бағалау өтелімінің қалған бөлшегі бойынша міндеттеменің теңгерімдік құнынан асатын мөлшерде ұлғайтады. Туындаған шығындар бойынша міндеттемелер де дисконтталса, мәмілелерді орындаудан болған ақша ағындары (ағымдағы бағамдар бойынша) дисконтталады.

Компания туындаған шығындарға қатысты келісімдерді орындау бойынша ақша ағындары сомасына сақтандыру келісімдері тобы бойынша туындаған шығындарға жауапкершілікті мойындайды. Келешектегі ақша ағындары, олар бір жыл ішінде немесе талаптардың туындау күніне бастап төленетінін күтетін жағдайларды санамағанда, (ағымдағы бағам бойынша) дисконтталады.

Қайта сақтандыру шарттары

Компания қайта сақтандыру шарттары тобына баға беру үшін, қажет болған жағдайда, сақтандыру шарттарының сипаттамаларынан ерекшеленетін белгілерді ескере отырып бейімделген, бірдей есеп саясаттарын қолданады.

Егер сыйлықақыны бөлуге негізделген тәсілге сәйкес бағаланатын қайта сақтандыру шарттары тобы үшін залалдарды өтеу компоненті құрылса, онда Компания шартпен көзделген қызметтерге арналған маржаны түзетудің орнына, қалған қамту бөлігінің активінің теңгерімдік құнын түзетеді.

Тануды тоқтату және келісімді өзгерту

Компания келісімде көрсетілген міндеттемелердің әрекет мерзімі өткен кезде, олар орындалғанда немесе жойылғанда кезде келісімді тануды тоқтатады.

Компания, сонымен қатар, егер келісімде жаңа шарттар әрдайым болған тәрізді оның шарттары өзгеріп, өзгерген шарттарға негізделген жаңа келісім танылған жағдайда, келісімді тануды тоқтатады. Егер келісімді өзгерту тануды тоқтатуға әкелмесе, Компания келісімдерді орындау бойынша ақша ағындарын бағалаудағы өзгерістер ретінде модификацияланған ақша ағындарындағы өзгерістерді қарастырады.

Сыйлықақыны бөлу тәсіліне сәйкес бағаланбайтын шарттар тобы құрамынан шартты танудан шығару тәртібі:

- топ бойынша бөлінген міндеттемелерді орындаудан түсетін ақша ағындары танылуы тоқтатылған құқықтар мен міндеттемелерге қатысты ағындарды алып тастау мақсатында түзетіледі;
- егер бұл өзгерістер залал компонентіне қатысты болмаса, топтың шартпен көзделген қызметтерге арналған маржасы міндеттемелерді орындаудан түсетін ақша ағындарының өзгерістерін ескере отырып түзетіледі;
- Қалған күтілетін қызметтерді қамтитын бірліктердің саны танылуы тоқтатылған қамту бірліктерін ескере отырып түзетіледі.

Егер шарт үшінші тарапқа берілгеніне байланысты тоқтатылса, шарттар тобы ауыртпалық болған жағдайларды санамағанда, шартпен көзделген қызметтерге арналған маржа да үшінші тарап алатын сыйақы сомасына түзетіледі.

24. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

Егер шартты тану оның шарттарының өзгеруіне байланысты тоқтатылса, шартпен көзделген қызметтерге арналған маржа да Компания шарттың өзгерген шарттарымен жаңа шарт жасасқан жағдайда, өзгерту үшін есептелген кез келген қосымша сыйақыны шегере отырып, сыйақы сомасына түзетіледі. Жаңа танылған шарт мынадай болжамға сүйене отырып бағаланады: шарт өзгертілген күні Компания модификация үшін есептелген қосымша сыйақыны шегеріп, өзі алатын сыйақыны алған деп есептеледі.

Ұсыну

Активтер және міндеттемелер болып табылатын сақтандыру шарттарының портфельдері, сондай-ақ активтер және міндеттемелер болып табылатын қайта сақтандыру шарттарының портфельдері қаржылық жағдай туралы есепте жеке көрсетіледі. Тиісті шарттар тобы танылғанға дейін пайда болған ақша ағындарына байланысты танылған кез келген активтер немесе міндеттемелер (сақтандыру шарттарын сатып алуға байланысты ақша ағындарына арналған кез келген активтерді қоса алғанда) тиісті шарттар портфелінің төңкерімдік құнына қосылады.

Компания табыс мен шығыс туралы есепте және өзге жиынтық кіріс туралы есепте танылған сомаларды келесі түрде жіктейді: (а) сақтандыру кірістері мен сақтандыру қызметтері бойынша шығыстарды қамтитын сақтандыру қызметінің нәтижесі; (ә) сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қаржылық кірістер немесе шығыстар.

Қайта сақтандыру шарттары бойынша кірістер мен шығыстар сақтандыру шарттары бойынша кірістер мен шығыстардан бөлек көрсетіледі. Қаржылық кірістер мен шығыстардан басқа, қайта сақтандыру шарттары бойынша кірістер мен шығыстар сақтандыру қызметінің нәтижесінде қайта сақтандыру шарттары бойынша таза шығыстар ретінде нетто-негізде көрсетіледі.

Сақтандыру бойынша табыс және сақтандыру қызметтері бойынша шығыстар кез келген инвестициялық компоненттерді есепке алмайды және төмендегідей танылады:

Сақтандыру кірістері (сыйақыны бөлу тәсілі бойынша бағаланбайтын шарттар)

Компания сақтандыру кірістерін өз міндеттемелерін орындауына қарай, яғни сақтандыру шарттары топтары бойынша қызметтер көрсетілген сайын танып отырады. Сыйақыны бөлу әдісі бойынша бағаланбайтын шарттар үшін әр жыл бойы көрсетілген қызметтерге қатысты сақтандыру кірістері Компания өтеме алуды күтетін қызметтерге қатысты қалған қамту бойынша міндеттемелердегі өзгерістердің жалпы сомасын білдіреді және келесі баптары қамтиды:

- Көрсетілген қамту бірліктерінің негізінде есептелетін шартпен көзделген қызметтерге арналған маржаның амортизациясы.
- Ағымдағы қызметтерге байланысты қаржылық емес тәуекелге арналған тәуекелдік түзетулердегі өзгерістер.
- Жыл ішінде пайда болған сақтандыру қызметтері бойынша төлемдер мен өзге де шығыстар, әдетте, жылдың басында күтілетін сомалар бойынша бағаланады. Бұған, сақтандыру активтерін сатып алуға қатысты ақша ағындарынан басқа ақша ағындарына қатысты активтердің танылуын тоқтату нәтижесінде пайда болған сомалар да кіреді. Бұл сомалар шарттар тобы алғаш танылған күні сақтандыру кірістері мен сақтандыру қызметтері бойынша шығыстар ретінде танылады.

Сонымен қатар, Компания сақтандыру алымдарынан болатын ақша ағындарын уақытқа байланысты әр кезеңге өтеуге қатысты сыйақының бір бөлігін жүйелі түрде бөледі.

Шартпен көзделген қызметтерге арналған маржаның амортизациясы

Әр жылда сақтандыру кірісі болып танылатын сақтандыру шарттары тобы бойынша шартпен көзделген қызметтерге арналған маржаның амортизациясының сомасы топтағы қамту бірліктерін айқындау тәсілімен, осы жылы және болашақ жылдарда күтілетін әр қамту бірліктеріне тең түрде жыл соңында (кез келген бөлуге дейін) қалатын шартпен көзделген қызметтер бойынша маржаны бөлу тәсілімен анықталады. Қамту бірліктерінің саны – әр шарт бойынша табысталған жеңілдіктер саны мен күтілетін қамту кезеңін есепке алып анықталатын топтағы шарттар бойынша табысталатын қызметтер саны болып табылады. Қамту бірліктері әрбір есепті күнге қайта қаралады және жаңартылып отырады.

Күтілетін қамту кезеңі шарттарды тоқтату және бұзуға қатысты күтілімдерді, сондай-ақ күтілетін қамту кезеңіне әсер ететін дәрежеде сақтандыру оқиғаларының ықтималдылығын айқындайды.

24. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

Сақтандыру бойынша табыс (сыйлықақыны тарату негізіндегі тәсілге сәйкес бағаланатын келісімдер)

Сыйлықақыны тарату негізіндегі тәсілге сәйкес бағаланатын келісімдер үшін әр кезеңдегі сақтандыру бойынша табыс есептік кезеңдегі қызметтерді ұсыну үшін сыйлықақылардың күтілетін түсімдер сомасын білдіреді. Компания сыйлықақылардың күтілетін түсім сомасын кезең ішінде біркелкі таратады.

Шығындар компоненттері

Сыйлықақыны тарату негізіндегі тәсілге сәйкес бағаланбайтын келісімдер үшін Компани сақтандыру келісімдерінің ауыртпалыққа ие тобы бойынша өтелімінің қалған бөлшегіне қатысты міндеттемелердің шығынды компонентін тағайындайды. Шығын компоненті ауыртпалыққа ие келісімдер бойынша шығындарды түзету ретінде кейінірек табыс пен шығыс құрамында көрсетілген келісімдерді орындау бойынша ақша ағындары сомасын анықтайды және туындаған жағдайда сақтандыру бойынша табыстан шығарылады. Міндеттемелерді орындау бойынша ақша ағындары туындаған жағдайда, олар, жүйелік негіздегі шығын компонентін санамағанда, шығын компоненті мен өтелімінің қалған бөлшегі бойынша міндеттеме арасында таратылады.

Жүйелік негіз ақша ағындарының келешектегі шегеруге келтірілген құнын жалпы бағалауға қатысты шығын компонентінің үлесі мен әр жыл басындағы қаржылай емес тәуекелдегі тәуекелдік түзету қосындысы арқылы анықталады (немесе келісімдер тобы сол жылы алғаш рет танылса).

Сақтандыру қызметтері бойынша шығындар

Сақтандыру келісімдері бойынша туындайтын сақтандыру қызметтерін көрсету шығындары, әдетте, туындау сәтінен бастап, табыс пен шығыс құрамында танылады. Олар инвестициялық құрамды өтеуді есептемейді және келесі баптарды қамтиды:

- Сақтандыру төлемдері мен сақтандыру қызметтері бойынша өзге шығындар.
- Аквизиялық шығындар бойынша ақша ағындарын амортизациялау: сыйлықақыларды тарату негізіндегі тәсілге сәйкес бағаланатын келісімдер бойынша Компания келісімдер тобының әрекет ету кезеңінде сақтандыру активтерінен болған ақша ағындарын желілік есептеу әдісімен амортизациялайды.
- Ауыртпалығы бар сақтандыру келісімдері бойынша шығындар (шығындарды қалпына келтіру).
- Ақшаның уақытша құны, қаржы тәуекелі мен оның өзгеріс әсерінің нәтижесінде пайда болатын туындаған шығындар бойынша міндеттемелерді түзету.
- Сақтандыру алымдары бойынша ақша ағындарына арналған активтердің құнсыздануынан болған шығындар (шығындарды қалпына келтіру).

Қайта сақтандыру шарттары бойынша таза табыс

Қайта сақтандыру шарттары бойынша таза шығыстар қайта сақтандырушылардан алынған соманы шегере отырып, қайта сақтандыру сыйақыларын бөлуді қамтиды.

Компания қайта сақтандыру шарттары бойынша топтар шеңберінде көрсетілген қызметтерді алу кезінде кірістер мен шығыстар құрамында төленген қайта сақтандыру сыйлықақыларын бөлуді таниды. Сыйақыларды бөлу тәсілі негізіне сәйкес бағаланатын шарттар үшін әр кезеңдегі алынған қызметтерге байланысты төленген қайта сақтандыру сыйақыларын бөлу - Компанияның сыйақыны төлейтін қызметтерге қатысты қалған қамту бөлігі үшін активтегі өзгерістердің жалпы сомасын білдіреді.

Сыйақыларды бөлу тәсіліне сәйкес бағаланатын шарттар үшін әрбір есептік кезең ішінде төленген қайта сақтандыру сыйақыларын бөлу - есептік кезеңде қызметтерді алу үшін күтілетін сыйақы төлемдерінің сомасын білдіреді.

Ауыртпалығы бар негізгі шарттарды қамтитын қайта сақтандыру шарттары тобы үшін Компания танылған шығындарды айқындау мақсатында қалған қамту бөлігіне арналған активтің шығынын өтеу компонентін белгілейді:

- осы шарттарды қамтитын қайта сақтандыру шарты осы шарттарды танумен қатар немесе одан бұрын жасалған жағдайда, ауыртпалығы бар негізгі шарттарды тану; және
- ауыртпалығы бар негізгі шарттар бойынша орындалатын ақша ағындарының өзгерістері нәтижесінде туындаған, болашақ қызметтерге қатысты қайта сақтандыру шарттары тобының орындалу ақша ағындарындағы өзгерістер.

24. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

«Шығынды өтеу» компоненті кейіннен қайта сақтандыру шарттары бойынша залалды өтеудің түзетуі ретінде кірістер мен шығыстар құрамында көрсетілетін соманы анықтайды және төленген қайта сақтандыру сыйақыларының бөлінуінен алып тасталынады. Бұл компонент ауыртпалығы бар базалық шарттар тобының залал компонентіндегі өзгерістерді ескере отырып түзетіледі, бірақ Компания қайта сақтандыру шарттары бойынша өтемақыны күтетін базалық шарттардың ауыртпалықты тобының шығындық құрамынан аспауы тиіс.

Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қаржылық табыс пен шығын

Қаржылық кірістер мен шығыстар ақшаның уақытша құны, қаржылық тәуекел және олардың өзгеруінің нәтижесінде туындайтын сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары топтары теңгерімдік құнының өзгеруін қамтиды. Мұндай кірістер мен шығыстар кірістер мен шығыстар құрамында танылады.

(6) Негізгі құрал-жабдықтар

Тану мен есепке алу

Негізгі құрал-жабдықтар жинақталған амортизация мен құнсыздану шығындарын шегергендегі қайта бағаланған құны бойынша бағаланатын жер телімін, ғимараттарды және құрылыстарды есептемегенде, жинақталған тозу мен құнсызданудан болған шығындарды шегеріп тастағандағы құны бойынша көрсетіледі.

Құн құрамына активті сатып алуға тікелей байланысты шығындар кіреді. Шаруашылық тәсілмен жасалған немесе салынған активтердің құнына материалдар мен тікелей жұмыс күшінің құны, активті қолдану мақсатында жұмыс жағдайына келтіруге тікелей байланысты кез-келген басқа шығындар, сонымен қатар, заттарды демонтаж және жоюға, қолданыстағы алаңды қалпына келтіруге және қарыздарға қатысты шығындар мен қарыздар бойынша капиталданған шығындар жатады. Тиісті жабдықтың функционалды ажырамас бөлігі болып табылатын сатып алынатын бағдарламалық жасақтама осы жабдықтың өзіндік құнына капиталдандырылады.

Егер негізгі құрал-жабдықтардың құрамы әртүрлі пайдалы қызмет мерзімінен тұратын жекелеген құрамдас бөліктерден тұрса, олардың әрқайсысы негізгі құралдардың жекелеген нысаны (маңызды құрамдас бөлігі) ретінде есепке алынады.

Негізгі құрал-жабдықтардың нысанының шығып қалуы кезіндегі табыс немесе шығынның кез-келген сомасы оның теңгерімдік құнымен шығып қалудағы түсімді салыстыру арқылы анықталады және таза табыс пен шығын құрамында «басқа кірістер» немесе «басқа шығындар» жолында нетто-негіз ретінде танылады.

Қайта бағалау

Жер телімдері, ғимараттар мен құрылыстар қайта бағалау күнінен кейін танылатын жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған шығындарды шегеруден соң қайта бағаланған құн бойынша есептелінеді. Қайта бағаланған активтің әділ құны мен оның теңгерімдік құны арасындағы айтарлықтай сәйкессіздіктерді болдырмау үшін қайта бағалау тұрақты негізде жүргізіледі.

Қайта бағалаудан болған құнның ұлғаюы, осы активтің бұрын кіріс пен шығыстарда көрсетілген құнның бұрынғы төмендеуін қалпына келтіру сомасын қоспағанда, өзге жиынтық табыста көрсетіледі. Бұл жағдайда активтің құнын ұлғайту сомасы кезеңнің табысына жатады. Қайта бағалаудан болатын құнның төмендеуі, негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалаудағы резервте көрсетілген бір актив бойынша бұрынғы құнның өсуіне қарсы азаюды тікелей есепке алуды қоспағанда, кірістер мен шығыстарда көрсетіледі.

Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалаудан резервтегі соманы бөлінбеген табысқа ауыстыру қайта бағаланған теңгерімдік құны мен активтің алғашқы теңгерімдік құны арасындағы айырмаға қатысты жүргізіледі. Қайта бағалау күнінде жинақталған амортизация активтің жалпы теңгерімдік құнынан шегеріледі. Босатылған жағдайда, шығарылатын активке жатқызылатын қайта бағалау сомасы бөлінбеген табыс құрамындағы негізгі құралдарды қайта бағалаудағы резервтен ауыстырылады.

Кейінгі шығындар

Егер Компания айтылған бөлікпен байланысты келешек экономикалық табыстарға ие болу мүмкіндігі жоғары болып, оның құнын сенімді анықтауға болатын болса, негізгі құрал-жабдықтардың нысанының бөлігін (маңызды компоненттің) ауыстырумен байланысты шығындар, осы нысанның баланстық құнын өсіреді. Ауыстырылған бөлігінің баланстық құны есептен шығарылады. Негізгі құралдардың жөндеу және қызмет көрсетуге арналған шығындары жиынтық (шығыс) табыс туралы есепте шеккен ретінде танылады.

24. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

Тозу

Тозу активтің пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде оның қалдық құнына дейінгі біркелкі тәсіл арқылы есептеледі. Негізгі құрал-жабдықтардың болжамды пайдалы қызмет мерзімі:

- ғимараттар мен құрылыстар 10 жыл;
- көлік құралдары 5-10 жыл;
- компьютерлер 3-5 жыл;
- өзге 5-10 жыл.

Негізгі құрал-жабдықтардың болжамды пайдалы қызмет мерзімі мен қалдық құны әрбір есептік күнге қайта қаралады.

(в) Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер - бұл, негізінен, Компанияның шектеулі мерзімі бар бағдарламалық жасақтамасы, және жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған шығындарды шегергендегі (сатып алу құны және оны мақсатты пайдалану үшін активті дайындауға тікелей байланысты кез келген шығындарды қамтитын) құн бойынша есептеледі.

Амортизация

Бейматериалдық активтердің пайдалы қызмет мерзімі 3 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімді құрайды. Амортизация барлық пайдалы қызмет мерзімі ішінде біркелкі тәсіл бойынша есептеледі.

(г) Құнсыздану

Ұзақ мерзімді активтердің теңгерімдік құнының құнсыздануын талдау оқиғалар немесе жағдайлардағы өзгерістер олардың теңгерімдік құнының өтелмейтіндігін көрсететін жағдайларда жүзеге асырылады. Егер құнсыздану белгілері бар болса, активтердің теңгерімдік құны олардың өтелетін құнынан асып кетуін анықтау үшін бағаланады. Бұл талдау, ақша түсімдерін жасамайтын активтерді қоспағанда, әрбір актив үшін бөлек орындалады. Бұл жағдайда талдау ақша түсімдерін жасайтын бөлімше деңгейінде жүргізіледі.

Активтің немесе ақша қаражатын жасайтын бөлімшенің теңгерімдік құны оның өтелетін сомасынан асатын болса, активті төмен бағамен көрсету үшін резерв қалыптастырылады. Құнсызданудан болған залалдарды (шығынды) қалпына келтіру кірістер мен шығыстар құрамында танылады.

Өтелетін соманы есептеу

Активтің өтелетін құны оны пайдалану құнының пайдалану құндылығының ең үлкен мөлшері және оны сату құнынан шегерілген активтің әділ құны ретінде анықталады. Активті пайдалану құндылығын бағалау кезінде күтілетін ақшалай қаражаттардың ағындары, осы активке төн ақша мен тәуекелдің уақытша құнының нарықтық бағасын көрсететін салықты шегеруге дейін дисконттық мөлшерлемені қолданып, олардың ағымдағы құнына дисконтталады. Ақша түсімін өз бетінше жасамайтын активтердің өтелетін құны осы активке жататын ақша түсімдерін жасайтын бөлімшенің өтелетін құнының құрамында анықталады.

Құнсызданудан болған шығындарды қалпына келтіру

Құнсызданудан болған бұрынғы танылған шығын, егер өтелетін соманы анықтау үшін пайдаланылған бағалауда өзгерістер болған жағдайда, қалпына келтіріледі. Құнсызданудан болған шығын, егер құнсызданудан болған шығын мойындалмаса, активтің теңгерімдік құны тозу немесе амортизацияны шегеруден кейін анықталған теңгерімдік құннан аспайтын деңгейде қалпына келтіріледі.

(ғ) Ақша қаражаттары

Ақша қаражатына талап ету бойынша қол жетімді және құнның өзгеруінің елеусіз тәуекеліне ұшыраған банктердегі ақша қаражаты және кассадағы қолма-қол ақша кіреді.

(д) Банк салымдары

Өз қызметі кезінде, Компания банктерге орналастыру күнінен бастап үш айдан артық уақытқа салымдарды орналастырады. Белгіленген өтеу мерзімі бар кредиттік мекемелердегі қаражаттар, кейін амортизацияланған құн бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, бағаланады. Белгіленген өтеу мерзімі жоқ қаражаттар, бастапқы құны бойынша есептеледі. Кредиттік мекемелердегі қаражаттар, құнсыздану резервін шегеріп тастап, есептеледі.

24. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(е) Жалға алу

Компания жалға алушы ретінде

Шартқа отыру кезінде Компания жалпы шарт немесе оның жекеленген бөліктері жалгерлік шартқа жататындығын бағалайды. Компания, қысқа мерзімді жалгерлік пен төмен бағалы активтерді жалдауды есептегенде, активті пайдалану құқығын және барлық жалгерлік шарттар бойынша жалгерлік міндеттемелерін анықтайды. Осындай жалгерлік шарттар бойынша Компания жалгерлік төлемдерді жалгерлік мерзім ішінде тура тәсіл арқылы операциялық шығындар құрамында анықтайды.

Жалгерлік міндеттемелер қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін қолдану арқылы жалдау төлемінің келтірілген құны бойынша анықталады. Жалгерлік басталғаннан кейін жалгерлік бойынша міндеттемелердің теңгерімдік құны дисконттың амортизациясын көрсету үшін өседі де, төленген жалгерлік төлемдер сомасына азаяды. Сонымен қатар, Компания жалгерлік шартының өзгеруін көрсету үшін жалгерлік міндеттемелерді қайта бағалайды.

Активті пайдалану құқығы, жалгерлікті ұйымдастырудың тікелей шығындарын шегере отырып, тиісті жалгерлік міндеттемелер, жалгерлік кезінде немесе жалгерлікке дейін төленген төлемдерден тұратын бастапқы құн бойынша танылады. Жалгерлік басталғаннан кейін пайдалану құқығы есептелген амортизация мен құнсыздануды шегеріп, құны бойынша бағаланады.

Қандай да бір мөлшерлемеге немесе индекске бағынбайтын өзгермелі төлемдер жалгерлік міндеттемесі мен активті пайдалану құқығының бастапқы бағалауында ескерілмейді. Осындай төлемдер төлемдерді қажет ететін шарт немесе оқиға туындаған кезеңде операциялық шығындар құрамында танылады.

Бір немесе бірнеше жалгерлікке жатпайтын бөліктері бар жалгерлік шарттар үшін Компания жалгерлік емес бөліктерді ажыратпайды және біркелкі жалгерлік шарт ретінде қарастырады.

(ж) Провизиялар

Провизияларды, егер Компания өткен оқиғаның нәтижесінде заңды немесе жүктелген міндеттемеге ие болса және мойындалған міндеттемені орындау үшін экономикалық ресурстардың шығуы талап етілетін болса, және оның құны дұрыс бағаланса, бекітуге болады. Егер ақшаның уақытша құнының әсері айтарлықтай болса, провизиялар ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағамын, егер орынды болса, осы міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейінгі мөлшерлеме бойынша келешектегі ақшалай қаражатты дисконттау арқылы есептеледі. Дисконттау пайдаланылған жағдайда, уақыт өткеннен кейін провизиялар сомасының ұлғаюы қаржыландыру шығыстары ретінде танылады.

(з) Зейнеткерлік міндеттемелер

Компанияда жұмыс берушіден және қызметкерден жалақыдан белгіленген сыйақы мөлшерлемесі бойынша есептелген ағымдағы шегерімдерді талап ететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік зейнетақы жүйесіне қатысудан басқа, қосымша зейнетақы жоспарлары жоқ.

(и) Табыс салығы бойынша шығыстар

Табыс салығы бойынша шығыстарға ағымдағы кезеңнің табыс салығы және кейінге қалдырылған салық кіреді. Табыс салығы бойынша шығыстар, тура капиталдың құрамындағы операцияларға қатысты бөлігінен басқалары, кірістер мен шығыстар туралы есептілікте көрсетіледі. Осы жағдайда, табыс салығы бойынша шығыстар капитал құрамында болуы мойындалады.

Ағымдағы табыс салығы жыл бойындағы салық салынбайтын табысқа қатысты салық сомасы және өткен жылдардағы табыс салығын төлеу бойынша міндеттемелердің мөлшерлерінің барлық түзетулері бар салық сомасы болып табылады.

Кейінге қалдырылған салық, оларды қаржы есептілігінде көрсету және салық үшін қолданылатын сомалар мақсатында активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнының уақыттық айырмасын анықтау арқылы баланстық әдіс негізінде есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық пен міндеттемелер бухгалтерлік баланс күнінде күшіне енген салық салу бағамдарына (және салық заңнамасы) сәйкес активті сату немесе міндеттемені өтеу кезеңіне қолданыла алуы күтілетін салық салу бағамдары бойынша бағаланады.

Кейінге қалдырылған салық активі аталған актив сомасына азая алатын келешектегі салық салынатын табысты алу ықтималдылығы бар дәрежеде танылады. Кейінге қалдырылған салық активінің сомасы тиісті салық жеңілдігі жүзеге асу мүмкіндігі жоқ дәрежеде азайтылады.

24. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер, егер ағымдағы салық активтерін ағымдағы салық міндеттемелері есебіне алу үшін заңды бекітілген құқық болса және егер кейінге қалдырылған салықтар бірдей салық салу нысанына және бірдей салық органына қатысты болса, есепке алынады.

(к) Қаржы құралдары

Компания қаржы активтері мен міндеттемелері құрал бойынша келісімшартқа қатысушы болып табылса, қаржылық жағдай туралы есепте таниды.

Қаржылық активтер

Алғашқы тану және бағалау

ХҚЕС 9 әрекету ету аясындағы қаржылық активтер, өз ретінде, табыс пен шығыс арқылы әділ құн бойынша немесе өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын амортизациялық құн арқылы жіктеледі. Компания қаржы активтерін қаржы активтері мен ақша ағындарының келісімшарттық міндеттемелерін басқару бизнес-моделіне қарай оларды алғашқы тануда классификацияға жатқызады.

Қаржы активі, егер ақша ағындары қарыздың негізгі сомасының өтелмеген бөлшегіндегі «бірыңғай қарыздың негізгі сомасы мен пайыздар есебіне» жатқызылса, амортизациялатын құн немесе өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша классификацияға түседі және бағаланады. Қаржы активтерінің ақша ағындары «ақша ағындары» қағидасына сәйкес емес болса, бизнес-модель түріне қарамастан табыс пен шығыс арқылы әділ құн бойынша жіктеледі.

Алғашқы тану кезінде қаржы активтері алынған сыйақы мен мәміле бойынша тікелей шығындарды қосқандағы әділ құн бойынша бағаланады. Кез келген табыс пен шығыс алғашқы тануда табыс пен шығыс туралы есепте танылады.

Кейінгі бағалау

Амортизацияланатын құн бойынша жіктелетін қаржы активтері тиімді пайыздық мөлшерлеме (ары қарай – «ТПМ») тәсілін қолдану арқылы есепке алынады. Амортизацияланатын құн дисконттар мен сыйлықақы, сондай-ақ, сатып алу кезіндегі комиссияларды ескере отырып, есептеледі. Номиналды және амортизацияланатын құн арасындағы айырмашылықтың амортизациясы қаржы табыстары құрамында табыс пен шығыс туралы есепте танылады.

Табыс пен шығыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері әділ құн бойынша қаржылық жағдай туралы есепте есептеледі, ал олардың әділ құнының нақты өзгерістері табыс пен шығыс туралы есепте танылады.

Тануды тоқтату

Қаржылық активті тануды тоқтату, егер Компания активке қатысты шарттық құқықтарды бақылауды жоғалтса, жүзеге асады. Бұл жағдай құқықтар іске асырылған, берілетін немесе күшін жойған кезде орын алады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Компания амортизацияланатын құн бойынша бағаланатын қаржы активтерінен туындауы мүмкін күтілетін несиелік шығындарды бағалайды. Бұл бағалауға келісімдік міндеттемелерге сәйкес контрагент соманы төлей алмау нәтижесінде болатын оқиғалардың орын алу ықтималдылығы жатады.

Күтілетін несиелік шығындар амортизацияланатын құн бойынша есептелетін қаржы активтері мерзімі ішінде болатын ықтимал оқиғалар үшін есептеледі. Егер дебиторлық берешек амортизацияланатын құн бойынша есептелмесе, және алғашқы тану сәтінен бастап осы қаржы активінің несиелік тәуекелінде айтарлықтай өзгерістер болмаса, күтілетін несиелік шығындар есептік күннен 12 ай ішінде орын алуы мүмкін оқиғалар үшін есептеледі.

Қаржылық міндеттемелері

Алғашқы тану және бағалау

ХҚЕС 9 әрекету ету аясындағы қаржылық міндеттемелер, өз ретінде, табыс пен шығыс арқылы әділ құн бойынша және амортизацияланатын құн бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері болып жіктеледі. Компания өз қаржы міндеттемелерін алғашқы тануда классификациясын анықтайды.

Барлық қаржы міндеттемелері алғашында төленген сыйлықақы болып табылатын әділ құн бойынша танылады. Амортизацияланатын құн бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері міндетті түрде мәміле бойынша шығындарды да қамтиды.

24. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

Кейінгі бағалау

Сауда және өзге кредиторлық берешек ТПМ әсілін қолдану арқылы амортизацияланатын құн бойынша бағаланады. Амортизацияланатын құн дисконттар мен сыйлықақылар, сондай-ақ, сатып алу кезіндегі комиссияларды ескере отырып, есептеледі. Номиналды және амортизацияланатын құн арасындағы айырмашылықтың амортизациясы қаржы шығындары құрамында табыс пен шығыс туралы есепте танылады.

Табыс пен шығыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері әділ құн бойынша қаржылық жағдай туралы есепте есептеледі, ал олардың әділ құнының нақты өзгерістері табыс пен шығыс туралы есепте танылады.

Тануды тоқтату

Қаржылық міндеттемені тануды тоқтату, егер міндеттеме өтелсе, жойылса немесе оның мерзімі өтсе, жүзеге асады. Егер қолданыстағы қаржы міндеттемесі мүлдем басқа шарттары бар басқа міндеттемемен алмастырылса, немесе егер қолданыстағы міндеттеменің шарттары өзгертілсе, мұндай алмастыру немесе өзгерістер алғашқы міндеттемені тануды тоқтату және жаңа міндеттемені танудың басы болып есептеледі, ал олардың теңгерімдік құндарының арасындағы айырма табыс пен шығыс туралы есепте танылады.

Қаржы құралдарын өзара есепке алу

Қаржы активтері мен міндеттемелер, танылған сомаларды өзара есепке алу үшін заңды бекітілген құқық болған жағдайда, сондай-ақ, нетто-негіз арқылы есеп жүргізу немесе бір уақытта активті сатып, міндеттемені өтеу ниеті болса, өзара есепте жатқызылуы, ал нетто-сума қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілуі тиіс.

Қаржы құралдарының әділ құны

Әр есеп күніне белсенді нарықта саудаланатын қаржы құралдарының әділ құны белгіленген бағалар негізінде, транзакция шығындарын өзгертпеу арқылы анықталады. Белсенді нарықта саудаланбайтын қаржы активтерінің әділ құны ыңғайлы бағалау тәсілі арқылы анықталады. Мұндай тәсілдерге жақындағы нарық транзакцияларды пайдалану, құралға ұқсас ағымдағы әділ құнды, дисконтталған ақша ағындарын анықтау мен басқа бағалау тәсілдері жатады.

25. Есеп беру күнінен кейінгі жағдайлар

Есеп күннен кейін маңызды оқиғалар болған жоқ.